

# Қазақстан Республикасы халқының табыстарын саралаудың негізгі көрсеткіштері

Шыгарылған күні: 20.03.2024  
Келесі шыгарылым күні: 12.06.2024

## 1. Түйінді тұстары

### Тоқсандағы кедейлік және теңсіздік көрсеткіштері

#### 2. Глоссарий

#### 3. Әдістемелік түсініктемелер

#### 4. Пайдалы сілтемелер

## 1. Түйінді тұстары


Үй шаруашылықтарын ірікten тексеру нәтижелері бойынша табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен (кедейлік деңгей) төмен халықтың үлесі 2023 жылғы IV тоқсанда 5,1% құрады.

2023 жылғы IV тоқсандағы кедейлік деңгейінің ең жоғары мәні Түркістан (8,7%) облысында, ал ең азы – Астана қаласында (2,4%) тіркелді.

1 сурет

**2023 жылғы IV тоқсандағы өнірлер бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табысы бар халықтың үлесі**

пайызбен



## Тоқсандағы кедейлік және теңсіздік көрсеткіштері

Үй шаруашылықтарын ірікten тексеру қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасында табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 2023 жылдың IV тоқсанында 5,1%-ды құрады. Кедейліктің терендігі мен өткірлігі көрсеткіштерінің мәндері тиісінше 0,9 және 0,2 пайызды құрады.

## Электрондық кестелер:

### Қазақстан Республикасы халқының табыстарын саралаудың негізгі көрсеткіштері

## Динамикалық кестелер:

### 1. Өнірлер бойынша кедейлік және теңсіздік көрсеткіштері

### 2. Негізгі индикаторлардың стратегиялық картасының мониторингісі үшін тұрмыс деңгейінің индикаторлары

## 2. Глоссарий

Үй шаруашылығы-бірлесіп тұратын, өзінің табысы мен мүлкін толық немесе ішінәра біріктіретін және тауарлар мен қызметтерді бірлесіп тұтынатын бір немесе одан да көп жеке тұлғалардан тұратын экономикалық субъект;

Тұтынуға пайдаланылған табыстар-тұтынуға пайдаланылған халықтың табыстары тұтынушылық шығыстарды (өндірістік қызметке және жинақтауға капитал салымдарының) және өз өндірісінің заттай нысанында тұтынылған өнімнің және трансферттердің құнын (ақшалай түрде) қамтиды;

Кедейлік деңгей (тұтынуға пайдаланылған табысы бар халықтың үлесі ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен) - табысы бар халық санының ЕТКДШ төмен халықтың жалпы санына қатынасымен айқындалады;

Ең төменгі күнкөріс деңгейі (ЕТКДШ) – бұл азық-түлік себетінің құнынан және азық-түлік емес тауарлар мен қызметтерге жұмсалатын шығындардан тұратын ең төменгі тұтыну себетінің құнына тең бір адамға шаққандағы ең төменгі ақшалай табыс.

Азық-түлік себетіндегі азық-түлік жиынтығы 43 тағам түрінен тұрады. Бұрын азық-түлік себеті 20 өнім атаянан тұратын. Жаңа азық-түлік минимумының құрамы белгілі бір өнімнің маусымдылығын ескере отырып түзетіледі және оның үлесі күнкөріс минимумының құнының 55% құрайды.

Кедейлік терендігі коэффициенті-ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен адамдардың табыс (тұтыну) деңгейінің орташа ауытқуын көрсетеді және үй шаруашылықтары мүшелерінің жалпы санымен байланысты жиынтық табыс тапшылығының шамасымен көрсетіледі.

Кедейліктің еткірлігі коэффициенті кедейлер арасындағы теңсіздікті көрсетеді – кедейлердің орташа табыстарының тарапу дәрежесі. Бұл зерттелетін үй шаруашылықтары мүшелерінің табыс тапшылығы үлесінің белгіленген критерийден ауытқу квадратарының орташа мәні.

Жан басына шаққандағы орташа табыстың мөлшері бойынша халықты топтастыру - жан басына шаққандағы орташа табыстың мөлшері бойынша белгілі бір аралықтарда сарапанған және топтастырылған халықтың саны (немесе үлесі).

Халықтың әртүрлі топтары бойынша табыстардың жалпы қолемін белгілеуден көрсеткіштің орташа табыстарына шоғырландыру. Кванттық және табыс топтарындағы табыстардың шоғырлануын белуге болады.

Халықтың кванттық топтары - басқа белгілерге қарамастан бүкіл халықтың сандық тен беліктерге белінімен қалыптасады. Қебінесе децилді және квинтилді белу колданылады – 10 және 20 пайыздық топтар.

Халықтың табыс топтары-бөрілген табыс аралықтарында қалыптасады.

Халықтың кванттық немесе берілген табыс топтары бойынша табыстардың шоғырлануы-халықтың жалпы табысының тиісті тобының үлесі ретінде анықталады.

Табыстың эквиваленттік шкаласы-эр түрлі үй шаруашылықтарындағы жан басына шаққандағы орташа табыстың қажетті деңгейлерін түзеттің түзету коэффициенттері. Бірлескен өмір сүру әсерінен шығындарды үнемдеу ескеріледі.

Медианалық табыс-табыстарды белу сериясының ортасында тұрган көрсеткіштің мәні.

Джини коэффициенті (халықтың 10%-ы бойынша, халықтың 20%-ы бойынша) - теңсіздік дәрежесін сандық бағалауга мүмкіндік береді. Ол халықтың сандық тен (децилді, квинтилді) топтары бойынша табыстардың нақты белінінің олардың біркелкі белінің сыйығынан ауытқу дәрежесін белгілейді.

### **3. Әдістемелік түсініктемелер**

Қазақстан Республикасында кедейлік деңгейін ресми бағалау үшін абсолютті кедейлік тұжырымдамасы қабылданды, ол табыс (немесе тұтыну) деңгейінің өмір сүру құралдарының белгіленген минимумына сәйкестігіне негізделген. Бағалау критерийі - ең төменгі күнкөріс деңгейі (бұдан әрі- ЕТКДШ).

Кедейлік деңгейі (тұтынуға жұмысалған табысы бар халықтың үлесі ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен) табысы бар халық санының ЕТКДШ төмен халықтың жалпы санына пайыздық қатынасымен анықталады. Есептеу үй шаруашылығының екінші және кейінгі мүшелеріне бірыңғай коэффициенті 0,8 болатын табыстардың баламалылық шкаласын ескере отырып жүргізіледі. Көрсеткіш 2001 жылдан бастап республика, өнірлер және тұрғыбылық жері бойынша 12 мың үй шаруашылығын іріктең тексеру нәтижелері бойынша тоқсан сайын, жыл сайын қалыптастырылады.

2030 жылға дейінгі Орнықты даму мақсаттарының мониторингі үшін кедейлік деңгейі көрсеткіші республика деңгейінде жынысы бойынша беріледі.

Тұтынуға пайдаланылған халықтың табысы 2001 жылдан бастап халықтың әл-ауқатының деңгейін бағалау, кедейлік пен теңсіздік көрсеткіштерін есептеу үшін негізгі критерий ретінде үй шаруашылықтарын іріктең зерттеу бағдарламасы шенберінде есептеледі. Деректер үй шаруашылықтарын өмір сүру деңгейі бойынша іріктең зерттеу нәтижелері бойынша алынған деректердің бас жиынтыққа таратады.

Табысы ЕТКДШ төмен халықтың үлесін есептеу кезінде Бюро "Ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасын есептеу және азық-түлік емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге арналған шығыстардың тіркелген үлесін белгілеу қағидаларына" сәйкес есептелетін ЕТКДШ мәнін пайдаланады (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 27 шілдедегі № 623 және Үлттық денсаулық сақтау министрі міндеттін атқарушының бірлескен бұйрығы). 2015 жылғы 31 шілдедегі № 585, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 26 тамыздағы № 11944 болып тіркелген).

Абсолютті кедейлікті есептеймен катар (тұтынуға пайдаланылған табысы ЕТКДШ төмен халықтың үлесі) Бюро:

- 2030 жылға дейінгі Орнықты даму мақсаттарының мониторингі үшін сатып алу қабілеттінің паритеті бойынша күніне 1,9; 3,2; 5,5 және 6,8 АҚШ долларын құрайтын халықаралық шегіне қатысты республика бойынша, жынысы бойынша кедейлік көрсеткіштерін;

- тұтынуға пайдаланылған халықтың жан басына шаққандағы орташа медиандық табысының 60% критерийін қолдана отырып, салыстырмалы кедейлікті есептеп жариялады.

### **4. Пайдалы сілтемелер**

**Кедейлік жөніндегі Нұсқаулық**

**«Талдау» ақпараттық-талдау жүйесі**

**«Қазақстан Республикасындағы халық табыстарын сарапаудың негізгі көрсеткіштері» сапа бойынша есебі**

<b>Шыгаруға жауапты:</b> Еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы департаменті	<b>Департамент директоры:</b> Н. Белоносова Тел. +77172 749022	<b>Орындаушы:</b> А. Макшәева Тел. +7 7172 749262 E-mail: a.makshayeva@aspire.gov.kz	<b>Мекенжай:</b> 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер уйі, 4-кіреберіс
---	--	---	---